

Билалов Сейдали Умиртаевичтің
«6D020800-Археология және этнология» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу алу үшін дайындалған
«Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың
типологиясы мен фортификациясы» тақырыбындағы диссертациясына
АҢДАТПА

Диссертациялық жұмыстың сипаттамасы. Диссертацияда Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан ортағасырлық (V–XIV ғғ.) бекіністі қалаларда әр жылдары жүргізілген кешенді археологиялық зерттеулер нәтижесінде алынған ғылыми мәліметтер жинақталып, топтастырылған. Осы деректер қорынан сараланып алынған мәліметтерді талдау арқылы ежелгі Сырдарияның төменгі ағысындағы қалалық мәдениет қалыптасып, урбандану үдерісі барысында олардың қорғаныс құрылыстарының дамуы қарастырылып, түрлі белгілері бойынша типологиялық классификациясы берілген.

Тақырыптың өзектілігі. Сырдарияның төменгі ағысында ортағасырлық бекіністі қоныстарды типологиялық жіктеу мәселелері, олардың қорғаныс жүйелерінің қалыптасуы, даму жолдары бүгінгі Қазақстан археологиясының өзекті мәселелері болып отыр. Ортағасырлық қалалар XIX ғ. бері ғалымдардың қызығушылығын туғызып, біршама құнды ақпараттамен толыққан. XX ғ. ортасынан жүргізіліп келген кешенді археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде өңірдің бекіністі қоныстары мен қалаларына қатысты көптеген материалдар жиналды.

Өкінішке орай жинақталған материалдар негізінде Сырдария бойындағы қалалардың атқарған қызметтері мен сыртқы белгілеріне байланысты типологиялық жіктеу және қорғаныс жүйелеріне ауқымды салыстырмалы талдаулар жасалған арнаулы еңбектер жоқтың қасы. Аталған себептердің барлығы жиналған материалдарды топтастырып, ғылыми айналымға жаңа қырынан енгізу қажеттілігін туғызып отыр. Сондықтан сан түрлі тарихнамалық деректерді бір іздендіріп, Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың орналасқан жеріне қатысты ақпараттарды топтастырып, ғылыми негіздемесін жасаудың маңызы жоғары.

Зерттеу нысаны Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың топографиясы, әскери-қорғаныс сәулет өнері құрылыстары және қалалардың сыртқы пішіні мен атқарған қызметтері бойынша типологиясы.

Зерттеу пәні Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың типологиясы, фортификациясы және оларды салудағы құрылыс әдістері мен құрылыс материалдары.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалаларда жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижелерін кешенді зерделеу тәсілін пайдаланып, олардың ерекшеліктерін анықтап типологиялық жіктеу, олардың фортификациясының шығу тегі мен дамуын анықтау. Жұмыстың мақсатына жету үшін бірнеше міндеттер белгіленді:

- Сырдарияның төменгі ағысындағы бекіністі ескерткіштерінің зерттелуі бойынша архивтік-библиографиялық материалдарды жинақтап талдау және зерттелу сипатына қарай тарихын кезеңдерге бөліп қарастыру;

- Сырдарияның көне арналарында қоныстардың қалыптасу үдерісі ерекшеліктерін су ағынымен байланысыра сипаттау, көнеден ортағасырларға дейінгі аралықтағы ескерткіштер тіршілік еткен мерзімі бойынша арналарда су ағыны қозғалысын қарастырып, олардың алмасу карталарын жасау, табиғи орта ықпалының шаруашылық түрінің қалыптасуына әсерін көрсету;

- археологиялық қазбалар нәтижесінде алынған материалдарды салыстыра талдау негізінде жекелеген қоныстардың стратиграфиясынан әр кезеңде пайда болуы, дамуы, құлдырауы уақытын мерзімдеу;

- зерттеу аймағындағы ортағасырлық қорғанысы бар қалалар мен қоныстардың топографиялық жоспарларын талдап, негізгі элементтерін сипаттау және олардың қаланы жоспарлауда рөлін анықтау, ортағасырлық қоныстардың қорғаныс құрылыстарына қатысты археологиялық дереккөздерді жүйелеу және ғылыми айналымға енгізу;

- ортағасырлық бекіністі қоныстардың ұқсастықтары мен ерекшеліктері бойынша атқарған қызметтерін сипаттау және мерзімі, орналасуы және жекелеген белгілеріне қарай типологиялық жіктеу мәселелерін қарастыру;

- ортағасырлық ескерткіштер фортификациясының даму заңдылықтарын, ерекшеліктерін, элементтерінің түрлі кезеңдердегі эволюция жолдарын анықтау, қорғаныс құрылыстары элементтеріне сипаттама беру;

- қорғаныс қабырғалар салуда қолданған құрылыс материалдары мен техникалық әдіс ерекшеліктерін сипаттау, ежелгі инженерлік құрылыстардың тактикалық және стратегиялық жоспарын қарастырып, құрылыс тәсілдерінің өзгеру себептерін талдап, қорғаныс құрылымдарының сипатына әскери-шабуылдау техникалары дамуының әсерін сипаттау;

Диссертациялық жұмыстың территориялық ауқымы. Қазақстанның оңтүстік-батыс бөлігі болып табылатын тарихи-географиялық аудан көнеден Тұран ойпаты деп аталып келеді. Сырдарияның төменгі ағысы солтүстікте Арал теңізі, Қарақұм шөлімен, шығыста Торғай даласы, Сарысу және Шу өзендері аяғымен, батысы мен оңтүстігінде Қызылқұм құмдарымен оңтүстік-шығыста Қаратаудың Ақтау жотасымен шектесіп жатыр. Әкімшілік жағынан зерттеу аумағы Қызылорда облысының Сырдария, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы және ішінара Арал аудандары.

Диссертациялық жұмыстың мерзімдік шеңбері. Б.з. I мыңж. ортасы – II мыңж. ортасы. V–XIV ғғ. тіршілік еткен бекіністі қоныстардың даму ерекшеліктеріне қарай үш кезеңде қарастыруға болады. Жетіасар (II-VIII ғғ.), Түркілік, (оғыз, қыпшақ және қарахандық IX-XI ғғ.), XII-XIV ғғ. хорезмшахтар кезеңі мен Алтын Орда қалалары қалыптасу кезеңі.

Зерттеу жұмысында қолданылған әдістеме мен әдістер. Зерттеу жұмысында тарихилық қағидаты басшылыққа алынып, зерттеу нысаны археологиялық ескерткіштер болған соң, жұмыста *жалпы ғылыми* әдістермен (талдау, синтездеу, жинақтау және т.б.) бірге археологиялық зерттеулердің *археологиялық барлау* және *қазба жүргізу* әдістері қолданылды. Материалдарды өңдеу, талдау және түсінік беруде *хронологиялық сәйкестендіру*, *салыстырмалы-типологиялау* және *салыстырмалы-сипаттама* жасау әдістері қолданылды. Дәстүрлі әдістермен қатар

жаратылыстану пәндерінің *магниттік барлау, электрлік барлау, палеотопырақтану* әдістері кеңінен қолданылып, органикалық қалдықтарды радиоөкіртектік талдау арқылы мерзімдемелер жасалды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы.

– XVIII ғ. бүгінге дейін Сырдария бойының ортағасырлық қалаларын зерттеу барысында жиналған архивтік-кітапнамалық мәліметтер талданып, өңірдің зерттелу тарихы мерзімі мен идеологиялық сипатына қарай жүйеленіп кезеңдерге бөлінді;

– Сырдария бойындағы қоныстардың тіршілігі көне арналарда су ағынының өзгеруіне байланысты түсіндірілді, V - XIV ғғ. арасында тіршілік еткен ескерткіштердің мерзімделуі негізінде арналарда су ағыны болған уақыт нақтыланып, олардың көшу карталары жасалды. V - XIV ғғ. аймақтың қоңыржай климаты аралас шаруашылық түрінің қалыптасуына тигізген ықпалы анықталды;

– жазба деректер мен археологиялық зерттеулер барысында қорғаныс қабырғалардан алынған мәліметтерді салыстыра талдау негізінде және материалдарды жаратылыстану ғылымы әдістерімен зерттеу арқылы жекелеген қалалардың қалыптасуы, дамуы, құлдырауы нақты мерзімделді;

– зерттеу аймағындағы ортағасырлық қорғаныс құрылыстары бар қоныстардың ішкі топографиясы жан-жақты сипатталып, олардың жоспарында түрлі құрылымдардың маңызы нақтыланды, Шығыс Арал маңы ортағасыр ескерткіштерінің қорғаныс құрылыстары тарихына қатысты маңызды жаңа археологиялық материалдар ғылыми айналымға енгізілді;

– ортағасырлық қалалар мен қоныстарды қызметтерін көрсететін ішкі, сыртқы белгілері, аумақтық орналасуы бойынша топтастырып, құрылымдық ерекшеліктері, жекелеген белгілеріне қарай типологиялық жіктеуі жасалды;

– ортағасырлық қалалардың фортификация жүйелерінің даму үдерісі, өзіндік жергілікті ерекшеліктері, қорғаныс элементтерінің сатылап даму жолдары анықталып, қорғаныс құрылыстары элементтерінің жеке талданып толық сипаттамасы жасалды;

– қорғаныс құрылыстарын салғанда пайдаланған құрылыс материалдар мен әдістердің ерекшеліктері ғылыми тұрғыда сипатталып, қорғаныс жүйелерінің тактикалық-стратегиялық жоспарына талдау жасалды, қорғаныс құрылымдарының даму сипатына әскери-шабуылдау техникаларының дамуы әсерінен орын алған өзгерістердің себептері айқындалды;

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалар жайлы өлкетанушылық (XVIII ғ. – XX ғ.) кезеңде жиналған мәліметтер мен 1946-2023 жж. арасында жүргізілген заманауи археологиялық зерттеулер кезінде жиналған архивтік-библиографиялық материалдар талданып өңірде жүрген зерттеулер тарихы саяси-идеологиялық кезеңдерге байланысты бөлінді.

2. Сырдарияның көне арналары бойында V–XIV ғғ. мерзімделген қалалардың тіршілік әрекеті толығымен қоршаған ортаға тәуелді болып, өңірде тіршілік еткен қоныстық ескерткіштердің пайда болу, даму, құлдырауы себептері тікелей арналардағы су ағынымен байланысты болғаны

анықталды. Ортағасырлық қалалардың өмір сүрген уақытын анықтау арқылы көне арналарда су ағыны жүрген уақытты нақтылап, осы негізде арналардың әр тарихи кезең бойынша өзгеру картасы жасалды;

3. дереккөздер мәліметтері мен археологиялық зерттеулер нәтижелерін салыстыра талдаудың және соңғы жылдары жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында алынған сынамаларға жасаған радиокөміртекті талдаулар нәтижесінде Жетіасар жазығында Қуандария арналары бойындағы және Ескідариялық арнасы бойындағы жекелеген қоныстардың IV-V ғғ. қалыптасып X-XI ғғ. дейін тіршілік еткен уақыты нақты мерзімделді.

4. Зерттеу аймағында археологиялық зерттеу жүргізілген ортағасырлық қалалардың тарихи топографиясына жазба деректер, картографиялық материалдар мен археологиялық қазба нәтижелерін қолданып, талдаулар жасалды. Ортағасырлық қорғаныс құрылыстары тарихына қатысты маңызды материалдар ғылыми айналымға енгізіліп, елді мекендерді жоспарлауда қоршаған жер бедері ескеріле салынған құрылымдар маңызы анықталды.

5. Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қоныстар жоспарында цитадельдің болуы, орналасуы, қалаға қатынасы, көшелер жоспары сияқты ішкі белгілері, қаланың көлемі, пішіні, қабырғалар біртұтастығы, мұнаралар болуы мен олардың пішіндері секілді сыртқы белгілері бойынша атқарған қызметтері айқындалды. Қалалардың топографиялық жоспарлануы, орналасуы, құрылым ерекшеліктері, ұқсастықтары және сабақтастықтарына қарай типологиялық жіктемесі жасалды.

6. Аймақтың ортағасырлық бекіністі қоныстарына тарихи талдау жүргізуде қорғаныс жүйелері олармен қатар дамығаны анықталды. Қалалар пайда болуы мен ғасырлар бойы үздіксіз дамуы барысында қалыптасқан жергілікті ерекшеліктер мен қорғаныс құрылыстардың бөліктері кезең-кезеңімен даму сатыларынан өткен.

7. Ортағасырлық қалалар қорғаныс жүйелерін салуда қолданған құрылыс материалдары мен құрылыс салу әдістерінің көршілес аймақтармен ұқсастықтары нақтыланды. Ортағасырлық инженерлік құрылыстар мемлекеттердің маңызды стратегиялық қалалары мен тірек пункттерінде жоспарланып салынғаны, ежелгі тайпалардың қоныстарды қорғауға табиғи кедергілерді бейімдеп, жер бедерін пайдаланғаны айқындалды. Жергілікті қорғаныс жүйелердің дамуындағы трансформациясына әскери полиоркетиканың ықпалы жоғары болғаны нақтыланды.

Негізгі дереккөздер. Арал өңірінде, әсіресе оның оңтүстік-шығыс бөлігінде ертеортағасырларда орын алған тарихи үдерістерді зерттеу үшін археологиялық материалдар басты дереккөз болып табылады. Диссертациялық жұмыс Сырдарияның төменгі ағысындағы ерте ортағасырлық ескерткіштерде жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында жинақталған материалдарға негізделеді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалар жайлы бастапқы ақпараттар аймақта елшілік сапармен болған саяхатшылардың естелік жазбаларында хатталған. XVIII-XIX ғғ. аймақ тарихы жайлы мәліметтер Ресей империясының П.И. Рычков,

М. Мейер, А. Левшин, А.И. Макшеев, В.В. Григорьев, С. Ремезов сияқты әскери қызметтегі шенеуніктердің еңбектерінде суреттеледі. Өңірді тарихи-географиялық зерттеудің келесі кезеңі Орта Азиядағы алғашқы ғылыми қоғам – 1895 ж. құрылған ТАӘҮ қызметімен байланысты. 20 жылдан аса Орта Азияның материалдық мәдениетін зерттеумен айналысқан гуманитарлық ғылымдар саласында мамандандырылған жалғыз ғылыми-өлкетанушылық қоғамдық құрамында: В.В. Бартольд, В.В. Радлов, В. Смирнов, В.А. Каллаур, А. Кастанье сынды білікті мамандар қызмет етті.

Сырдарияның төменгі ағысындағы археологиялық ескеркіштерді заманауи зерттеулер 1946 ж. С.П. Толстов жетекшілігімен ХАЭЭ барлау тобының жұмыстарынан бастау алады. Экспедиция құрамында еңбек еткен Л.М. Левина, Б.И. Вайнберг, Б.В. Андрианов, М.А. Итина, Т.А. Жданко сынды зерттеушілер ескеркіштердің ғылыми сипаттамасын жазып, оларда мерзімдеу жұмыстары бойынша тындырымды жұмыстар атқарған.

2000-2023 жж. Сырдария бойындағы ортағасырлық ескерткіштерде кең көлемде археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жекеленген қалашықтарда зерттеп, ашылған нысандардың қызметін, қолдану мақсаты мен орнын анықтауда отандық ғалымдар К.М. Байпақов, С. Жолдасбаев, Ж. Құрманқұлов, М. Елеуов, Д. Талеев, Т. Мәми жас мамандар Ж.Р. Утубаев, Р.Т. Дарменовтың зерттеулерін атауға болады.

Сонымен қатар Қорқыт Ата ҚҰ, РҒА Н.Н.Миклухо-Маклай атын. ЭАИ, Эберхард - Карл атын. Тюбинген университеті бірлескен ғылыми-зерттеулерде Э.Д. Зиливинская, И.А. Аржанцева, Г. Харке, Ә.Ә. Тәжекеев және т.б. көптеген ғалымдардың зерттеу нәтижелерінен көрініс береді.

Зерттеудің тәжірибелік маңызы. Зерттеу нәтижелерін Амудария мен Сырдария бойындағы ежелгі мемлекеттердің археологиясы мен тарихы бойынша ғылыми еңбектер жазуға пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ Қазақстан тарихы оқулықтарын жазуда және Сырдария бойының ортағасырлық археологиясына қатысты еңбектер мен ғылыми мақалалар жазу барысында қолдануға болады. Диссертацияда қамтылған әзірлемелерді Сырдарияның төменгі ағысында ерте ортағасырларда тіршілік еткен бекіністі қоныстарға археологиялық қазбалар жоспарлауда, ғылыми реконструкциялар жасауда, аспан асты музейлер ұйымдастыруда, музейлер экспозицияларын құруда пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен сыннан өтуі. Диссертациялық зерттеудің басты мәселелері мен нәтижелері 26 бірлескен авторлық ғылыми мақалада жарық көрген. Олардың арасында 3 мақала Web of Science және Scopus ғылыми-метриялық деректер базасына енгізілген басылымда, 7 мақала ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 16 мақала халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинақтарында жарияланды.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен иллюстративті бес қосымшадан тұрады. Қосымшалар қойылған міндеттерге байланысты топталған.